

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 507 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысымен

Құқық бұзушылыққа қарсы күрес және оның алдын алу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссияның құрамы;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 2 маусымдағы

N 507 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияның құрамы

Мұхаметжанов

Бауыржан Әлімұлы

орынбасары, төраға

Сүлейменов

Қайырбек Шошанұлы

орынбасары

- Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің

- Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі, төрағаның

Әкімбеков
Назымбек Қыздарбекұлы

- Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесі
Қорғаныс және құқықтық
тәртіп бөлімінің меңгерушісі,

хатшы

Комиссия мүшелері:

Әбілхатаев
Марат Кәрімұлы

- Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі
Мемлекеттік-құқық бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

(келісім бойынша)

Бақтыбаев
Илияс Жақыпбекұлы

- Қазақстан Республикасы Бас
прокурорының бірінші орынбасары

(келісім бойынша)

Беркімбаева
Шәмша Көпбайқызы
Бұлғақбаев
Болатбек Ақылбайұлы

Білім және ғылым министрі

- Қазақстан Республикасының
- Қазақстан Республикасының
Қаржы полициясы агенттігінің

төрағасы

Жұмабеков
Оңалсын Исламұлы

Әділет министрі

Кәрбозов
Қозыкөрпеш Жапарханұлы

- Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Тергеу департаментінің бастығы

(келісім бойынша)

Котлов
Андрей Николаевич

- Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесі

Басшысының орынбасары

Құл-Мұхаммед
Мұхтар Аббарұлы

- Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және

қоғамдық келісім министрі

Сапарбаев
Бердібек Мәшбекұлы

- Қазақстан Республикасы
Кедендік бақылау агенттігінің

төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғы 2 маусымдағы

N 5 0 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрестің жай-күйін талдау;

2) м ы н а л а р :

құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік с а я с а т т ы і с к е а с ы р у ;

мемлекеттік органдардың құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күресті күшейтуге, оның тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастыру шараларын қ а б ы л д а у ;

құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес пен оның алдын алу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар ә з і р л е у ;

3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі туралы хабардар ету болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

4. Комиссия оған жүктелген міндеттерді іске асыру үшін заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдармен ө з а р а і с - қ и м ы л ж а с а у ғ а ;

2) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ғ е ;

3) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

4) Комиссияның отырысына Комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін шақыруға және тыңдауға;

5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптама және жұмыс топтарын ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

6) құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін қарауға қатысуға;

7) м ы н а л а р :

Қазақстан Республикасының қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алу саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде;

құқық қорғау органдарының құрылымын жетілдіру және оңтайландыру, олардың қызметінің басым бағыттарын айқындау жөнінде;

қылмысқа қарсы күреске және оның тиімділігін арттыруға байланысты шараларды заңнамаға сәйкес қабылдау жөнінде;

Қазақстан Республикасының қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің орындалуын камтамасыз етпеген құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар басшылары мен лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізуге;

8) оның құзыретіне жатқызылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

5. Комиссияға басшылық етуді оның төрағасы болып табылатын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары жүзеге асырады.

6. Комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Комиссия мүшелері отырыстарға ауыстыру құқығынсыз қатысады. Комиссияның отырыстарына шақырылған адамдар қатыса алады.

7. Комиссияның жұмысы ағымдағы және перспективалы жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

8. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде өткізіледі.

9. Отырыс күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешім ашық дауыспен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

10. Оның жұмыс органы белгілеген тәртіппен дайындайтын Комиссияның шешімдері оның төрағасы қол қоятын хаттамалармен ресімделеді және барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға жібереді.

11. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

12. Комиссияның жұмыс органы мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар ұсынған құжаттар негізінде Комиссия отырыстарының күн тәртіптері бойынша қажетті материалдар дайындайды және белгіленген тәртіппен Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.